



БАҒДАРЛАМА СИПАТТАМАСЫ

ТҮЙІН ФАКТІЛЕР

Бағдарлама атауы	Құқықтану
Дәреже	«Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша құқықтану бакалавры (LL.B.)
Мектеп	Жоғары құқық мектебі
Топ коды	6V042
Бағдарлама коды	6B04201
Оқу нысаны	Күндізгі
ЖАЛПЫ ECTS	248

БАҒДАРЛАМА СИПАТТАМАСЫ

Бағдарлама құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы жоғары, іргелі білімі бар, құқықтық нормаларды әзірлеу және жүзеге асыру, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, құқықтық білім мен тәрбие беру аясында кәсіби құзіреттерге ие мамандарды даярлауға бағытталған.

Бағдарлама келесі оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:

- конституциялық құрылыстың негіздерін, мемлекеттік органдардың құрылымын, функциялары мен қызметтік қағидаларын, құқықтық және мемлекеттік құбылыстардың мәнін, сипаты мен өзара әрекетін білу;
- қоғамдық қатынастарды реттеуші ретінде құқықтың мәнін түсіну, құқықтың функцияларын, құқықтық жүйенің құрылымы мен элементтерін, мемлекеттің пайда болу заңдылықтарын, заманауи мемлекеттің функцияларын жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін білу;
- академиялық және іскерлік жазу дағдыларын көрсету, баяндау стильдерін ажырата білу, құқықтық құжаттарды дұрыс ресімдеу, білікті ауызша кеңес беру (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде);
- нақты өмірлік жағдаяттарға материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын қолдана білу, фактілер мен мән-жайларды заңды түрде дұрыс саралау, дәлелдеу және құқықтық талдау, кейстер мен ситуациялық тапсырмаларды шешу алгоритмін құру дағдыларын меңгеру;
- өз қызметінің ықтимал салдарын және ол үшін жауапты болу қажеттілігін түсіну;
- бағдарламалау тілінің негіздерін, тиімді қарым-қатынас әдістерін меңгеру және оларды іс жүзінде қолдану, басқалармен анық және нақты сөйлей алу;
- практикалық және құқықтық мәселелерді шешуде сыни ойлау және өз бетінше әрекет ету, күрделі құқықтық мәселелерді жеке де, топпен де шеше білу;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және қамтамасыз ету үшін халықаралық және ұлтты құқық нормаларын қолдану;

құқықтық және өзге ақпаратты, соның ішінде сот тәжірибесінің материалдарын өз бетінше іздестіру, жинақтау және талдай білу;

- қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу, азаматтық құқық және тәртіптік процедураларды талқылай алу;

- дауларды шешудің баламалы әдістерін және заңи техниканы қолдану дағдыларын көрсету;

- әртүрлі құқықтық жүйелердің айырмашылықтары мен ерекшеліктерін түсіну;

- шешімдер қабылдау және басқа да құқықтық әрекеттерді заңға қатаң сәйкестікте жасай білу, құқық пен заңды құрметтеу, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне төзбеушілік таныту.

Мансап мүмкіншіліктері:

– корпоративтік сектор;

– инхаус (үй ішінде);

– мемлекеттік органдар мен ұйымдар.

НЕ КҮТУГЕ/ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ?

Осы бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін сіз келесі мүмкіндіктерге ие боласыз:

білу және түсіну:

- құқық жүйесі және заңнама жүйесі, оны қолдану тәжірибесі;
- құқық жүйесіндегі құқық салаларының рөлі мен орны туралы түсініктердің болуы;
- субъективтік құқықтардың мазмұны, оларды жүзеге асыру және қорғау тәртібі, құқық субъектілері мен объектілері, заңды жауапкершіліктің түрлері мен нысандары.

меңгеру:

- заңнама нормаларын дұрыс саралау;
- әртүрлі құқықтық мәселелерді шешуде заңнама нормаларын қолдану;
- нақты істерді шешу кезінде өз ұстанымын логикалық және дәйекті түрде дәлелдеу;
- заңды фактілерді дұрыс анықтау және дұрыс саралау;
- құқықтық мәселелер бойынша білікті заңи қорытындылар мен кеңестер беру.

иелену:

- құқық терминологиясын қолдану дағдылары;
- заңнама ережелерін талқылауда құқықтық доктриналар мен құқық қағидаларын қолдану дағдылары;
- құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдылары;
- заңды фактілерді, құқықтық нормаларды, құқықтық қатынастарды талдау дағдылары;
- құқық қолдану тәжірибесін талдау дағдылары;
- құқықтық мәселелер мен коллизияларды шешу дағдылары.

МЕН ҚАЛАЙ ОҚИТЫН БОЛАМЫН?

Оқыту аудиториялық байланыс сағаттарында да, аралас Blended форматы мен басқа нысандарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, жұмыс істейтін ғылыми үйірмелер аясында бірқатар дағдылар шыңдалуда, практикалық дағдыларды тек тағылымдамадан өту кезінде ғана емес, Заң клиникасында тағылымдамадан өту кезінде де шыңдауға болады.

Кітапхана ресурстарын пайдалана отырып, ғылыми мектептер жетекшілерінің басшылығымен өз бетінше зерттеулер жүргізуге болады.

Сыныпта кейс-стадилер белсенді түрде қолданылады, оларды талдай отырып, сіз құқықтық мәселелерді практикалық шешу дағдыларына ие боласыз.

Сондай-ақ сізге академиялық және заңи жазба, философия және құқықтық этика бойынша курстар ұсынылады. Бұл курстар сізге зерттеу, талдау және жазу дағдыларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

АЛАТЫН ҚАНДАЙ БАҒА ТҮРЛЕРІН КҮТУГЕ БОЛАДЫ?

Бағалау және бағалану критерийлері

Бағдарлама бағаланатын жұмыстардың көп түрлерін қарастырады, мысалы: кейстерді шешу, аналитикалық және топтық жұмыс, эссе, коллоквиум және жинақтаушы жүйе мен емтихан шеңберінде бағаланудың басқа да түрлері.

Бағаланатын жұмыстың әрбір түрі үшін пәннің силлабусында толық бағалау критерийлері бар. Осындай критерийлерді қамтитын силлабустарға қол жеткізу LMS «Canvas» бағдарламасында берілген.

Бағалауды қамтитын сыныптан тыс жұмыстардың барлық түрлерінде (тәжірибе қорғау, дипломдық жобаларды қорғау, мемлекеттік емтихандар және т.б.) бағалаудың критериялды тәсілі де қарастырылған. Бұл критерийлер университет веб-сайтында қолжетімді, тиісті бағдарламалар мен саясаттарда қамтылатын болады.

Бағалау туралы толығырақ Бағалау саясатынан мына сілтеме бойынша біле аласыз:

<https://tson.kazguu.kz/wp-content/uploads/2023/02/POLITIKA-OTSENIVANIYA-PRAVILA-PROVEDENIYA-EKZAMENOV.pdf>

Жалпы, Сізді бағалаудың төрт түрі күтеді:

- 1) оқудың соңында бірқатар курстар бойынша емтихандар;
- 2) курс қорытындысы бойынша бағалаудың жинақтаушы жүйесі;
- 3) практиканы қорғау;
- 4) бағдарламаны аяқтағаннан кейін қорытынды аттестаттау (мемлекеттік емтихандар және дипломдық жобаларды қорғау).

Қорытынды аттестацияға ұсынылатын пәндер бойынша емтихандар ұсынылады.

Бұл келесідей пәндер:

- 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы I, II, III;
- 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы I, II;
- 3) Мемлекет және құқық теориясы;
- 4) Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы;
- 5) Кәсіби қазақ (орыс) тілі;

- 6) Заңи жазба;
7) Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы.

Барлық басқа пәндер үшін жинақтаушы бағалау жүйесі қарастырылған. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы бойынша кешенді мемлекеттік емтихан тапсыруды және бітіру жобасын (жұмысын) қорғауды қамтиды. ЖОО-ның академиялық саясатымен айқындалған жағдайларда дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау екі кешенді мемлекеттік емтиханмен ауыстырылады: 1) жариялы құқықтан (Мемлекет және құқық теориясы және Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы) кешенді емтихан; 2) Кәсіби қазақ (орыс) тілінен және Заңи жазбадан кешенді емтихан.

Дипломдық жоба (жұмыс) – пирамидалық жүйе (PhD – магистр – бакалавр) жағдайындағы университеттің тапсырысы бойынша немесе зерттеудің басым бағыттары шеңберінде үшінші тарап ұйымының тапсырысы бойынша орындалатын зерттеу тобының жұмысы. Жобаны 3-5 студенттен тұратын топ жазады және топтағы барлық студенттер жобаға өтінім беру кезінде GPA 3.0 талаптарына сәйкес келуі керек. Дипломдық жұмыс – зерттеудің басым бағыттары шеңберінде жүргізілетін, аралық нәтижелерді дайындауға бағытталған, зерттеу жағдайлары немесе шолулар түрінде жүзеге асырылатын топтық жұмыс. Диплом жұмысын 3 студенттен тұратын топ жазады. Алдын ала бағалаудан өткен барлық жобалар мен диссертациялар Мемлекеттік аттестаттау комиссиясында көпшілік алдында қорғауға жатады. Қосымша ақпаратты дипломдық жұмыстарға арналған ЖҚМ академиялық саясатын қараңыз.

Бағалар бойынша Feedback

Мұғалімдер бағалауға жазбаша (және/немесе ауызша) түсініктеме береді. Сіз сондай-ақ жұмыс уақытында мұғалімнің жеке пікірін ала аласыз. Түсініктемелер критерийлер бойынша беріледі.

МЕН НЕ ОҚИТЫН БОЛАМЫН?

Міндетті пәндер

Пәндердің атаулары оқыту тілдерінде берілген

- Қазақстан тарихы / История Казахстана
- Қазақ (орыс) тілі / Казахский (русский) язык (A1, A2, B1, B2, C1)
- Cambridge English: (A1, A2, B1, B2)
- Әлеуметтік саяси білімдер I / Социально-политические знания I
- Computer Science/ (Digital Systems and Network)
- Дене шынықтыру / Физическая подготовка
- Қазақ (орыс) тілі / Казахский (русский) язык (A1+, A2+, B1+, B2+, C1+)
- Cambridge English: (A1+, A2+, B1+, B2+)
- Әлеуметтік саяси білімдер II / Социально-политические знания II
- Философия
- Академиялық адалдық және академиялық жазу / Академическое честность и академическое письмо

- Инновацияларға бейімділік және кодтау негіздері / Восприимчивость инноваций и основы кодирования
- Мемдекет және құқық теориясы / Теория государства и права
- Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы
- / Конституционное право Республики Казахстан
- Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы I / Гражданское право Республики Казахстан I
- Кәсіби қазақ (орыс) тілі / Профессиональный казахский (русский) язык
- Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы II / Гражданское право Республики Казахстан II
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы I / Уголовное право Республики Казахстан I
- Қазақстан Республикасының еңбек құқығы / Трудовое право Республики Казахстан
- English for Specific Purposes
- Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы III
- / Гражданское право Республики Казахстан III
- Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы II / Уголовное право Республики Казахстан II
- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы / Административное право Республики Казахстан
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы құқық / Административное деликтное право
- Халықаралық жария құқығы / Международное публичное право
- Қазақстан Республикасының салық құқығы / Налоговое право Республики Казахстан
- Құқық философиясы / Философия права
- Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы / Гражданское процессуальное право Республики Казахстан
- Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы / Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан
- Корпоративтік құқық / Корпоративное право
- Заңи жазба / Юридическое письмо
- Құқық саласындағы цифрлық жоба / Цифровой проект в области права
- Әкімшілік сот төрелігі / Административная юстиция

Таңдауға болатын пәндер (электив)

Пәндердің атаулары оқу тілдерінде берілген

- Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару
Государственная служба и государственное управление
- Заттық құқық
Вещное право
- Introduction to Legal English
- Foundations of Common Law and Corporate Practice
- Introduction to the German Legal System
- Қазақстан Республикасының отбасы құқығы
Семейное право Республики Казахстан
- English Private Law
- German Public Law

- Қазақстан Республикасының жер құқығы
Земельное право Республики Казахстан
- Киберқауіпсіздік
Кибербезопасность
- Toles Higher
- Ethics, Professional Responsibility, Corporate Governance & Legal Compliance
- German Private Law
- Қаржы
Финансы и налоги
- Қазақстан Республикасының банктік құқық
Банковское право Республики Казахстан
- Business English
- Құқықтық кеңес беру
Юридический консалтинг
- 1С-Бухгалтерия көмегімен бухгалтерлік есеп
Бухгалтерский учет с использованием 1С-Бухгалтерии
- Интеллектуалдық меншік құқығы
Право интеллектуальной собственности
- Халықаралық жеке құқығы
Международное частное право
- Мұрагерлік құқық
Наследственное право
- Заңи этика
Юридическая этика
- Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы
Предпринимательское право Республики Казахстан
- Сот риторикасы
Судебная риторика
- Құқықтың сандық институттары
Цифровые институты права
- Атқарушылық іс жүргізу
Исполнительное производство
- Халықаралық коммерциялық арбитраж
Международный коммерческий арбитраж
- Жер қойнауын пайдалану құқығы
Право недропользования
- Банкроттық құқық
Банкротное право
- Құқық социологиясы
Социология права
- Учебный суд (Moot Court)
- Адвокатура
- Қазақстан Республикасының прокурорлық қадағалауы
Прокурорский надзор Республики Казахстан
- М&А мәмілелері
Сделки М&А
- Ислам құқығы
Исламское право
- Нотариат
- Медициналық құқық
Медицинское право

- Қаржылық қауіпсіздік
Финансовая безопасность
- Қазақстан Республикасының инвестициялық құқығы
Инвестиционное право Республики Казахстан

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Сіз академиялық ұтқырлық аясында бір академиялық кезең ішінде шетелде оқи аласыз. Университет жыл сайын академиялық ұтқырлық аясында серіктестік келісім-шарттары жасалған шетелдік жоғары оқу орындарына үміткерлерді жіберу бойынша конкурс өткізеді. Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Италия, Литва, Польша, Корея, Кипр, АҚШ, Чехия және Жапония заң факультетінің студенттері академиялық ұтқырлық үшін ең жиі таңдайтын елдер болып табылады.

Қосымша ақпаратты мына сілтеме бойынша алуға болады: [https:// kazguu.kz/ru/akademicheskaya-mobilnost/](https://kazguu.kz/ru/akademicheskaya-mobilnost/)

ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ МАНСАП

Үшінші және төртінші курстарда Сіз іс жүзіндегі тәжірибенің үш түрлі нысанына қатысасыз: оқу тәжірибесі, жұмыс тәжірибесі және бакалавриат тәжірибесі. Тәжірибе базалары бойынша бөлуді Тәжірибе, мансап және жұмыспен қамту орталығы жүзеге асырады. Сіздің оқуыңыздағы жоғары академиялық үлгерім беделді заң фирмалары мен ұйымдарында жұмысқа орналасу мүмкіндігіңізді арттыратынын атап өткен жөн, өйткені бұл ұйымдар GPA жоғары студенттерді жиі таңдайды.

Тәжірибе, мансап және жұмыспен қамту орталығы тағылымдамадан өтуді ұйымдастырады; бос орындар жәрмеңкелері және түлектерді тиімді жұмысқа орналастыруға ықпал ететін басқа да іс-шаралар өткізеді.

Студенттердің мансаптық дағдыларын дамытуға және түлектерді табысты жұмысқа орналастыруға, жұмыс берушілермен ынтымақтастықтың тиімді нысандарына жәрдемдесу шеңберінде Орталық жыл сайын Legal month ұйымдастырады және өткізеді. 2020 жылдан бастап Legal Month сонымен қатар 1 курс студенттері үшін әртүрлі заң мамандықтары мен жұмыс берушілердің – Құқық Жоғары мектебінің іскери серіктестерінің ерекшеліктерімен танысу мақсатында өткізіледі. Бұл іс-шараның мақсаты – 1 курс студенттеріне оқу процесінде одан әрі мамандық таңдауға бағыттау. Мансап перспективалары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: <https://kls.kazguu.kz/ru/o-shkole-2/struktura-2/ofis-professionalnoj-praktiki-karery-i-trudoustrojstva-2/>

ОҚУДЫ АЯҚТАҒАН КЕЗДЕ МЕНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМ ҚАЛАЙ АТАП ӨТІЛЕДІ?

Үш дәреже:

- 1) құрметпен (Cum laude),
- 2) үлкен құрметпен (Magna cum laude),
- 3) ең жоғары құрметпен (Summa cum laude).

Үздік дәреже өз үлгісіндегі дипломда белгіленеді.

Summa cum laude (ең жоғары құрметпен) дипломын алу үшін білім алушыда GPA – 4,0 болуы керек.

Magna cum laude (үлкен құрметпен) дипломын алу үшін студент 3,8 – 3,9 болуы керек және "жақсы" және "өте жақсы" бағалары болуы керек.

Cum laude (құрметпен) дипломын алу үшін білім алушыда GPA 3,5 – 3,7 болуы керек және "жақсы" және "өте жақсы" бағалары болуы керек.